

## Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 маусымдағы № 140 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 маусымда № 4467 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 06 мамырдағы № 244 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 06.05.2016 № 244 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына бес проценті мөлшерінде квотасы белгіленсін.

3. Интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарын бір проценті мөлшерінде квотасы белгіленсін.

4. "Қармақшы ауданында мүгедектер мен бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2011 жылғы 20 маусымдағы N 16 аудан әкімдігі қаулысының (облыстық Әділет департаментінде 2011 жылғы 11 шілдеде N 10-5-161 тіркелген, " Қармақшы таңы" газетінде 2011 жылы 30 шілдеде N 66 ресми жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.Қошалақовқа жүктелсін.

6. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. Имандосов*

